

Кімге: ММ «Шығыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы»

Автордың ТАЖ, қызметі: Амірханова Ә.Н., ММ «Шығыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының» табиғатты қорғау бағдарламалары және су ресурстары бөлімінің бас маманы

Күні: 24.10.2024 ж.

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Еліміздегі табиғи апаттардың (су тасқынының) алдын алу шараларын жетілдірудің жолдары (Шығыс Қазақстан облысының мысалында)

Кілт сөздер: төтенше жағдайлар, су тасқыны, экономика, әлеуметтік, девиантты, мемлекеттік бағдарламалар.

Зерттеу әдістері: жинақтау, сұрыптау, салыстыра талдау(SWOT және PEST талдау), жүйелеу.

Кіріспе

«Жағдай өте күрделі болса да, біз қиындықты міндетті түрде еңсереміз, барлығын қалпына келтіреміз. Ең бастысы – азаматтардың амандығы» -

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың су тасқыны салдарынан қалыптасқан ауыр жағдайға байланысты үндеуінен

Табиғи апат дегеніміз - бұл адамдарға, жануарларға және қоршаған ортаға үлкен зиян келтіруі мүмкін ауыр табиғи құбылыс. Ең қауіпті табиғи апаттар - жер сілкінісі, сел ағындары, су тасқыны, қар көшкіні, көшкін, өрт және өндірістік апаттар [1].

Қазақстанда табиғи апаттарға мейлінше бейім облыстар: Жамбыл, Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Атырау және Маңғыстау облыстары болып табылады. Су тасқыны мен жер сілкінісі Қазақстан Республикасында жиі байқалатын көріністер.

Соңғы үш жылда орын алған экономика үшін ең шығынды табиғи апаттардың рейтингі:

- БҚО, 2022 жылғы сәуір. Су тасқыны. Су тасқыны салдарынан 1,5 мыңнан астам тұрғын үй, 7,1 мыңға жуық саяжай учаскелері, жеті Денсаулық сақтау ғимараты, 21 мектеп және басқа да құрылыстар су

астында қалды. Апат ауданынан 8,7 мыңнан астам азамат қауіпсіз жерге көшірілді.

- Қостанай облысы, Аманқарағай орман алқабы, 2022 жылғы қыркүйек. Өрт. 43 мың гектар орман өртеніп кетті. 1,8 мың қазақстандық эвакуацияланды, 90-нан астам тұрғын үй өртенді, шаруашылық құрылыстары бар 33 аула, 120-дан астам мал қырылды. 10 адам әртүрлі дәрежеде күйік алды, олардың бірі қайтыс болды.

- Абай облысы, 2023 жылғы маусым. Өрт. Қатты ыстық пен екпінді желдің салдарынан екі сағаттың ішінде өрт 100 гектардан астам аумаққа тарады. қайғылы оқиға салдарынан «Семей орманы» РММ Новошұльба филиалының 15 қызметкері қаза тапты [2].

Осы мысалдарда көрсетілген жағдайлардың елімізге келтірген экономикалық залалдары да айтарлықтай.

Кесте-1.

Апат түрі	Жылы	Орналасқан жері	Экономикалық залал
Су тасқыны	2022	БҚО	1,6 млрд тг
Өрт	2022	Қостанай облысы	642,1 млн тг
Өрт	2023	Абай облысы	165 млрд тг

Кестеге сәйкес табиғи су тасқыны мен өрт салдарының әкелген шығыны аз емес екенін байқауға болады. Алайда, айта кететін жайт, ол су тасқыны шығыны азырақ болса да, қамтыған аумағына тікелей байланысты болып табылады.

Айтпай келетін төтенше жағдайлар, оның ішінде қардың күрт еруіне байланысты аймақтарда су тасқыны орын алуы адамдардың өміріне үлкен қауіп төндіріп қана қоймай, материалдық, рухани, қаржылық, адами ресурстардың тапшылығына алып келеді. Алайда, осы жағдайлардың алдын алу үшін тиісті шараларды, әрекеттерді сапалы және уақытылы жүзеге асыру **тақырыптың өзектілігі** болып табылады.

Аналитикалық жазбаның мақсаты - еліміздегі су тасқыны алдын алу шараларын жан-жақты зерделеп, оларды жетілдіру жолдарына қол жеткізу.

Негізгі бөлім

Тақырыпты зерттеу барысында біз SWOT және PEST талдау әдістерін кешенді пайдалана отырып, су тасқыны алдын алу іс-шараларын жетілдірудің бірқатар факторларын анықтай алдық.

Мұндай іс-шаралардың **күшті** жақтарына: адамдардың қауіпсіздігі және де табиғи ресурстарды сақтап қалу мүмкіндіктерін беретіні, республикалық деңгейде іс-шаралардың орындалуына қолдау көрсетіле білуі, сонымен қатар қажетті мөлшерде қаражаттандырылуы жатады. Онымен қоса, нәтижелерін бақылау арқылы сәтті немесе сәтсіз іс-шаралардың тұрақтандырылуы немесе

жойылуы және де жаңартулар, толықтырулар енгізу ықтималдылығын атап айтуға болады.

Сонымен қатар, халықтың төтенше жағдайларға (су тасқынына) алдын-ала дайындығы туралы сауатын арттыру және де табиғи апаттың жергілікті атқарушы органдар тарапынан алдын-алу мүмкіндігін арттыру мүмкіндіктерін беретінін анықтай алдық. Жүзеге асыру арқылы тәжірибеге енгізу, сәтті жүзеге асырылған іс-шараларды біріздендіру жұмыстары да мүмкін болып табылады.

Бұл актуалды мәселені қарастыра келе, халықтың наразылығы, көтеріліске шығуы; девиантты мінез-құлықтың туындауы; іс-шаралардың тұрақты әрі тиімді жүйелендірілуі; қысқа мерзімде жүзеге асыру ықтималдылығы (бейімделуі) сияқты саяси жағдайларды да қамтитынын байқай аламыз.

Бұдан бөлек, әлеуметтік-мәдени әсерлерін де атап айтқан жөн. Оның ішінде, әлеуметтік-мәдени маңызы бар объектәлердің (мектеп, емхана, дәріхана, дүкен және т.б. ғимараттар) қирауы; елді-мекендердің жойылуы; инфрақұрылымдардың (жолдар, көпірлер, су қоймалары, кәріз жүйелері, су құрылыстары және т.б.) жарамсыз болып қалуы да өз әсерін тигізеді.

Экономикалық әсеріне ауқымды шығындарға алып келуі; ауыл-шаруашылық салалары (мал шаруашылығы, егіншілік) мен өнеркәсіптердің шығынға ұшырауы; тапшы болып табылатын мамандарды даярлау, оқыту, квалификациялау, жалақы өсіру жұмыстары және де мемлекеттен берілетін өтемақының еш мақсатсыз жұмсалуды жатады.

Сонымен бірге, техниканың жетіспеушілігі; материалды-техникалық базаның әлсіздігі сынды технологиялық әсерін де тигізеді.

Тақырыпты зерттей келе, аталған жағдайлардың өзара бір-бірімен тығыз байланыста екенін байқаймыз.

Ағымдағы жылы Қазақстанның көп бөлігінде су тасқыны фактісі орын алды. Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарында 3 745 жеке тұрғын үй мен 421 аула аумағы су астында қалды. Деректер бойынша Республиканың жеті өңірінде зардап шеккен ауыл шаруашылығы жануарларының саны 5711 басты құрады [3].

Статистикалық деректерге сүйене отырып, облыстардың су тасқыны кезеңіндегі жағдайына сәйкес, Қазақстанның қай бөліктері едәуір зардап шеккенін диаграмманың көмегі арқылы көрсете аламыз (Сурет-1). Шығыс Қазақстан облысының жергілікті атқарушы органдары және тұрғындарының жұмыла атсалысу жұмыстарының нәтижесі басқа облыстармен салыстырғанда қандай дәрежеде жүзеге асырылғанын байқауға болады.



Ал, Шығыс Қазақстан облысы бойынша қарастыратын болсақ, мұнда жағдай мүлдем басқаша. Мәселен, Алтай ауданында Бұқтырма өзенінің деңгейінің көтерілуіне байланысты аула аумақтары ішінара су астында қалды. Халық үшін уақытша орналастыру пункттері алдын ала дайындалды, алайда тұрғындар өз еркімен эвакуациядан бас тартып, туыстарына өз бетінше орналастырылды.

Коробиха ауылында Коробиха өзеніндегі су деңгейінің көтерілуіне байланысты су тұрғын үйлер мен сот аумақтарына әсер етпей, көше бойындағы елді мекен арқылы транзитпен өтті. Қазіргі уақытта өзендегі су деңгейі төмендеді.


Глубокое ауданында Үлбі өзенінің деңгейінің көтерілуіне байланысты 2 мамырға қараған түні бірнеше саяжай учаскелері ішінара су астында қалды. Су тұрғын үй-жайларға әсер етпеді және көкөніс бақтары арқылы транзитпен өтеді. Күні бойы су деңгейі төмендей бастады [4].

Бұның барлығы ТЖД, жергілікті атқарушы органдардың және де жергілікті тұрғындардың сауатты дайындығының күштерімен жоғарыда аталған аудандарда су бұру жұмыстары уақытылы жүргізілді деп білемін. Сонымен қатар, су тасқыны қаупі бар барлық елді мекендерде жағдай үнемі бақылауда болып отырады.

Шығыс Қазақстан облысының 2024 жылғы жазғы-күзгі кезеңдегі 2025 жылғы су тасқыны кезеңіне дайындық жөніндегі инженерлік жұмыстар жоспарына сәйкес ағымдағы жылы облыстың **13** ауданында **55** су тасқынына қарсы іс-шараларды іске асыру жоспарланған.

Облыстық бюджет есебінен 24 іс-шара, аудандық бюджет есебінен 31 іс-шара іске асыру жоспарланған: (Глубокое ауданы-12, Алтай ауданы-7, Үлкен Нарын ауданы-6, Самар ауданы-6, Күршім ауданы-5, Ұлан ауданы-4, Марқакөл ауданы-4, Зайсан ауданы-3, Катон-Қарағай ауданы-3, Тарбағатай ауданы-2, Риддер-1, Өскемен қаласы-1, Шемонаиха ауданы-1). Іс-шаралардың орындалу барысы бойынша деректерді диаграммаға салып, салыстырмалы түрде анық көруге болады (Сурет-2).

Сурет-2



Жалпы, біздің облыс табиғи апаттарға мейлінше бейім облыстар қатарына жататындығын ескере отырып, жүргізіліп жатқан іс-шаралардың сапалы болуын ұдайы қамтамасыз ету және қадағалау қажет етіледі. Бұл мәселелердің орындалуына «Біріге көтерген жүк жеңіл» - демекші, халық пен мемлекеттің арқасында жеткізе аламыз.

Қорытынды

Талдау нәтижелерін қорыта келе, қардың күрт еруіне байланысты аймақтарда су тасқыны орын алуы нәтижесінде адамдардың өміріне үлкен қауіп төндіретін, материалдық, рухани, қаржылық, адами ресурстардың тапшылығына әкеліп соғатын төтенше жағдайлардың алдын алу үшін тиісті шараларды, әрекеттерді сапалы және уақытылы жүзеге асыру аса маңызды рөл атқаратынын байқадық.

Саралай келе, бұл мәселенің елімізге экономикалық, саяси, әлеуметтік жағынан кері әсерін тигізетінін көріп отырмыз. Бұл өзекті мәселенің төмендегідей шешімдерін ұсынамыз.

Біріншіден, экономикалық ауыр шығындарға, оның ішінде адам өміріне, тұрмыс-тіршіліктің және өнеркәсіптердің қирауына алып келуін, сонымен қатар су тасқыны зардаптарын өтеу шығындары алдын алу іс-шараларын жүргізу шығындарынан әлдеқайда көп екенін ескере отырып шараларды қамтамасыз ету;

Екіншіден, мемлекеттен халыққа берілетін өтемақылардың еш мақсатсыз жұмсалыу және жемқорлық қаупін қадағалау;

Үшіншіден, техникалық базаның жетіспеушілігі немесе сапасыздығы, сондай-ақ профильді мамандардың тапшылығы мәселесін шешу жолдарын қарастыру;

Төртіншіден, халықтың мемлекеттік органдармен және де өз бетінше алдын алу шараларын жүргізе алу дәрежесін арттыру.

Мұндай шаралардың орындалуы қадағалануы және қамтамасыз етілуі, яғни іске асыру дәрежесі толық мөлшерде мүмкін деп санаймын.

Пайдаланған әдебиеттер.

1. Табиғи апаттар қаупін азайту жөніндегі халықаралық онжылдық (ТАҚАХО, 1990-1999 жылдар) және дүниежүзілік табиғи апаттар қаупін азайту конференциясына орта мерзімді шолу үшін дайындалған ұлттық баяндама //

https://www.preventionweb.net/files/30912_kazakhstanyokohamareportrus_siandeta.pdfM;

2. <https://kz.kursiv.media/2023-10-27/lbs-freedomlife-katastrof>
Сақтандырушылар соңғы үш жылдағы Қазақстан мен әлемдегі ең ауқымды табиғи апаттарды атады

3. <https://www.caravan.kz/news/kak-tonet-kazakhstan-khronika-vesennikh-pavodkov2024-992914/> Қазақстан қалай батып жатыр: көктемгі су тасқыны шежіресі-2024

4. <https://inbusiness.kz/ru/last/akimat-vko-oprovergaet-fakt-zatopleniya-domov-ot-tretej-volny-pavodkov> // ШҚО әкімдігі су тасқынының үшінші толқынынан үйлерді су басу фактісін жоққа шығарады